

**"Мәслихаттың 2021 жылғы 9 шілдедегі № 75 "Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"**

Қостанай облысы мәслихатының 2025 жылғы 21 шілдедегі № 235 шешімі

Қостанай облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облыстық мәслихатының 2021 жылғы 9 шілдедегі № 75 "Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23595 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасында:

8, 9, 10, 11, 12, 13, 30-тармақтар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 32, 33, 34, 35, 36-тармақтармен толықтырылсын:

"32. "Рисдиплам" препараты, ішуге арналған ерітінді дайындауға арналған ұнтақ, жұлын бұлшықет атрофиясы ауруы бар азаматтарға.

33. "Голимуаб" препараты, кәмелетке толмаған идиопатиялық артрит ауруы бар азаматтарға инъекцияға арналған ерітінді.

34. "Тофацитиниб" препараты, кәмелетке толмаған идиопатиялық артрит ауруы бар азаматтарға таблетка.

35. "Анакинра" препараты, инъекцияға арналған ерітінді, ювеналды идиопатиялық артрит ауруы бар азаматтарға.

36. "Алпелисиб" препараты, онкологиялық аурулары бар азаматтарға таблетка.";

көрсетілген шешімнің 3-қосымшасы мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Ингаляциялық енгізуге арналған натрий хлориді мен натрий гиалуронатының стерильді ерітіндісі, ауруы бар азаматтарға муковисцидоз (муковисцидоз).".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облыстық мәслихаты төрағасының өкілеттігін уақытша жүзеге асырушы *М. Жутаев*

Келісілді

"Қостанай облысы әкімдігінің  
денсаулық сақтау басқармасы"

мемлекеттік мекемесі

басшысының міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ А. Доспанов

"\_\_" \_\_\_\_\_ 2025 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК